АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА
«Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі аппараты» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

Алматы қаласы «24» 07 2026 жыл

I. Кіріспе бөлім

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі аппаратының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетін нысанның атауы: «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі аппараты» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Ішкі талдауды жүргізудің негізі: 2026 жылғы 08 шілдедегі №60ө санды «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Алатау ауданы әкімі өкімі. Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2026 жылдың 25 маусымнан бастап 25 шілдеге дейін.

Әкім аппараты қызметінің талданған кезеңі: 2026 жылдың алғашы 6 айының қорытындысы бойынша.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобының құрамы арқылы жүргізілді:

Жетекші:	Кенеев Ренат Бакдавлетович	Аудан әкімі аппаратының басшысы
Хатшы:	Ахметова Самал Аманжоловна	Мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас инспекторы
Топ мүшелері:		
	Нарматов Еділжан Ахтанбердыұлы	Алатау ауданы әкімінің орынбасары
	Әлжан Әдімжан Тойлыбайұлы	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы
	Омарова Мадина Тилегеновна	Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы
	Алиев Скендир Токтарович	Қаржы-шаруашылық бөлімінің басшысы
	Жонкин Алихан Устараулы	Мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы

II. Сипаттама бөлімі

«Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімнде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің қаржы-шаруашылық бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

III. Мәдениет және тілдерді дамыту бөліміндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі (бұдан әрі - МжТДБ) 3 қызметкерден тұрады: 1 бөлім басшысы, 1 бас инспектор, 1 бас маман.

Өз қызметінде Бөлім Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Кодекстерін: Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары), сондай-ақ Қазақстан Республикасының мынадай заңдарын: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қзметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Тіл туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің Ережесін, басшылыққа алады.

Міндеттері: бөлім өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Заңдарының, Президент Жарлықтарының, Алматы өаласы әкімдігі қаулыларының, аудан әкімінің мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы шешімдері мен өкімдерінің орындалу барысын уәкілетті органдармен бірлесіп үйлестіруді жүзеге асырады; бөлімнің қызметін ұйымдастырушылық, ақпараттық және құқықтық жағынан бөлім қызметі бойынша қамтамасыз етеді, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт саласында мемлекеттік саясатын жүзеге асырады, бөлім Спорт саласы бойынша мемлекет қызмет көрсету «II, III-разрядты спортшы, I, II, III-жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарын және спорттық атақтар мен біліктілік санаттарын беру» үшін құжаттарды қабылдап, egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырады, аудандағы аты жоқ көшелерге атау беру мен объектілердің атауын мемлекеттік тілде дұрыс жазылуларын қадағалап, нәтиже көрсетеді, Мемлекеттік тілдің қолдану саясатын жүзеге асырады, «Даму бала» бағдарламасы бойынша қызмет алып жүрген балалардың табелдерін қарап, актілері бойынша жан басына шаққандағы қаржыландыруды жүзеге асырады, жыл басынан мемлекеттік, ұлттық мерекелерге орай аудан аумағында мерекелік концерттер мен спорттық іс-шаралар ұйымдастырады

Функциялары: Мәдениет және тілдерді дамыту бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Заңдарының, Президент Жарлықтарының, Парламенті мен Үкіметінің қаулылары, Алматы қаласы мен аудан әкімінің мәдениет және тіл саласындағы қаулыларының орындалуына бақылау жүргізу, аудан әкімінің және оның орынбасарларының актілері мне тапсырмаларының, аудан әкімінің хаттамалық тапсырмаларының орындалуын бақылау және мәлімет беру, ауданның әлеуметтік-мәдени тұрғыда дамуы, Қазақстан халқының салт-дәстүрі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тіл

және басқа да ұлттар тілінің дамуы аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, мәдени мекемелердің жұмысын үйлестіру және олардың жұмысына ықпал ету, тарих, мәдениет құндылықтарын, ескерткіштерді қорғау және жұмыстарын ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының күнтізбесіндегі мерекелік күндерге, жоспарға сәйкес ауданда көпшілік мәдени іс-шаралар жүргізу, осы шараларға сапалы дайындық жасалуын қамтамасыз ету, аудан әкімінің қатысуымен өтетін мәдени, спорттық іс-шараларды дайындау және ұйымдастыру, мәдениет, спорт және тіл мәселелеріне байланысты жоғарғы органдардан түскен құжаттар бойынша материалдар даярлау және олардың өз міндетімен орындалуын бақылау, Алматы қаласы әкімінің қаулысына сәйкес ономастика саласы бойынша жұмыстар жүргізу, Алматы қаласы әкімі аппаратының тілдерді дамыту және ономастика бөлімімен, Алматы қаласы Мәдениет, Спорт басқармаларымен бірлесе әрекет ету, іс қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізілуін қадағалау, Алматы қаласы әкімі аппаратының тілдерді дамыту және ономастика бөліміне, Алматы қаласы Мәдениет, Спорт басқармасына есеп беру, тілдерді дамыту, мәдениет және спорт мәселелеріне байланысты көпшілік мәдени іс-шаралар, қызметтік кездесулер, жиналыс, мәжіліс, семинар, дөңгелек үстел өткізуді ұйымдастыру, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру, мәдениет және спорт мекемелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыру, нормалар мен стандарттарға сәйкес спорттық разрядтар мен біліктілік санаттарын беру бойынша мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақтылы көрсету, Мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс бойынша жұмыс жасау, мердігер мекеме тарапынан жасалынған жұмыстар бойынша АКТ-тарды тексеру және қол қою.

2026 жылдың 6 айында
Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен келесі жұмыстар жүргізілген

Жыл басынан мемлекеттік, ұлттық мерекелерге орай аудан аумағында мерекелік концерттер мен спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Оның ішінде Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, және т.б.

50-ге жуық мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Оның ішінде Ұлттық домбыра күніне орай 100 жас домбырашының қатысуымен флешмоб, желтоқсаншылар мен жастар арасында волейбол ойынынан жарыстар, Балаларды қорғау күні мерекесінде ашық аспан астында түрлі ойындар мен сайыстар өткізілді. Аудандағы Дене шынықтыру және сауықтыру орталығы, Алматы арена сияқты спорт кешендерінде түрлі жарыстар мен турнирлар өткізілді. Атап айтатын болсақ футболдан аудан әкімінің кубогына арналған 8 турнир, жасөспірімдер арасында үстел теннисінен 2 турнир, жастар арасында әлем чемпиондарының қатысуымен 3 кездесу, грек-рим күресінен турнирлер.

Сондай-ақ, былтыр басталған «Спорт - достық алаңы» жобасы аясында да футболдан достық кездесу ойыны, асық ату, сондай-ақ, шахмат ойындары мен түрлі олимпиадалық жарыстар өткізілді.

Даму бала бағдарламасы аясында 2026 жылы мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты жан басына қаржыландыру үшін Алатау ауданы бойынша 8500 баланың (спорт- 3370 бала, 5130 бала) шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларға баруы қамтамасыз етілуде. Аудан әкімдігі тарапынан әр балаға жан басына шаққандағы қаржыландыру жүргізілді.

Бөлім Спорт саласы бойынша 180 спортшыға спорттық атақтар мен біліктілік санаттары берілді.

Алматы қаласы Алатау ауданы аумағында: «Алатау» дәстүрлі өнер театры, «Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы» «Alatau creative hub» №44 кітапхана, «Алматы Арена» спорт кешені, ADD үстел теннис орталығы, сондай-ақ, Жастар комьюнити орталығы бар. Олармен жыл басынан бері тығыз жұмыстар жүргізілуде. Спорт саласында өткен іс-шаралардың барлығы аталған мекемелермен бірлесе өткізілді. Республикалық ономастика комиссиясы шешімімен Алатау ауданындағы 9 шағын аудандағы 10 көшеге

атау берілді. Ақбұлақ, Мәдениет, Боралдай сияқты шағын аудандағы атауы жоқ көшелерге атау берілді. Жыл басынан бері 50-дей шағын және орта бизнес нысандарына мониторинг жасалып, дәмхана атаулары мен ас мәзірлері Қазақстан Республикасының тіл туралы заңына сәйкес мемлекеттік тілге ауыстырылып, түсінік хаттар толтырылды.

Ай сайын Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының тілдерді дамыту және ономастика бөліміне құжат айналымы туралы есеп беріледі.

ТӘУЕКЕЛ 1: Мемлекеттік мерекелерді ұйымдастыру үшін мемлекеттік сатып алу конкурстарын ашқан кезде конкурсты жеңіп шыққысы келген мердігер мекеме тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін.

ҰСЫНЫС 1 : - Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын күшейту, Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша МжТД бөлімі қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

ТӘУЕКЕЛ 2: : «DamuBala» бағдарламасы аясында бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану кезінде өнім берушілер тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін.

ҰСЫНЫС 2: - бюджет қаражатының игерілуіне тұрақты мониторинг жүргізу, процестерді цифрландыру, шешім қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету және тұрақты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу.

Мысалы:

2025 жылдың басында балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасы (DamuBala) бойынша өтінімдерді қабылдау басталды.

Өтінімдерді қабылдағаннан кейін Алматы қаласы әкімдігінің тапсырмасы бойынша аудиттік тексеру жүргізілді. Бірыңғай стандарттау ұйымының тәуелсіз сарапшылары жүргізген аудит қорытындысы бойынша оң шешім қабылданған өтінімдерге қатысты ескертулер анықталды.

Тексеру нәтижелері бойынша, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген №122 санды Ережежеге сай, балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысты орналастыру және оның жұмыс істеу қағидаларының талаптары негізінде талаптарға сәйкес келмейтін қызмет көрсетушілерге аудиттің алдын ала нәтижелеріне сәйкес шарттарды бұзу туралы хабарламалар жолданды.

Аудит нәтижелері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті тарапынан жолданған қорытындыға сәйкес, **2025 жылғы 29 сәуірде** ЖК «Картабаев М.А» және басқа да қызмет көрсетушілердің өтінімдері бойынша *(70 өтінім)* жасалған шарттар бұзылды.

2025 жылдың 27 тамызында, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасы (DamuBala) бойынша өтінімдерді қабылдау қайта ашылды.

ЖК «Картабаев М.А» жеке кәсіпкерлігі атынан аз.М.А.Картабаев тарапынан қайтадан өтінімдер берді, алайда бұрынғы қателік қайта орын алды (ЭҚЖЖ (ОКЭД) сәйкессіздігі). Осыған байланысты оның өтінімдері келесі негіздер бойынша қайтадан талаптарға сәйкес келмейді деп танылды:

– мәлімделген қызмет бағытына негізгі экономикалық қызмет түрінің (ЭҚЖЖ) сәйкес келмеуі.

Осыдан кейін, аз.М.А.Картабаев «DamuBala» бағдарламасының операторына (бөлім инспекторына) қосымша қарау үшін құжаттарды қағаз түрінде ұсынғысы келді.

Белгіленген талаптар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес операторлар өтінімдерді тек «DamuBala» жүйесі арқылы қарауға құқылы. Құжаттарды қағаз түрінде немесе мобильді қосымшалар (WhatsApp) арқылы қабылдауға тыйым салынады, себебі бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатады.

Бөлім инспекторы құжаттарды белгіленген тәртіптен тыс қараудан бас тартуына байланысты ЖК «Картабаев М.А» аудан әкімдігіне қарсы сотқа талап арыз берді.

Сот талқылаулары екі жылдан бері жалғасып келеді. Бөлім басшысы мен бөлім инспекторы құжаттарды қараудың белгіленген тәртібі мен заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына уақтылы жол бермеді.

IV. Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі 4 қызметкерден тұрады: 1 бөлім басшысы, 1 бас инспектор, 2 бас маман.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің әдістемелік ұсынымдары.

1. Талдаудың мақсаты

Кадрлық қызметті жүзеге асыру барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сондай-ақ оларды жоюға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

2. Талдау барысында зерделенген мәселелер:

- Талдау барысында төмендегі құжаттар мен мәліметтер зерделенді:
- штаттық кесте;
- жеке құрам бойынша бұйрықтар;
- қызметкерлердің жеке істері;
- еңбек шарттары;
- лауазымдық нұсқаулықтар;
- кадрлық қызметті реттейтін ішкі нормативтік құжаттар;
- мүдделер қақтығысын реттеу мәселелеріне қатысты материалдар;
- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарымен таныстырылғанын растайтын құжаттар.

3. Талдау нәтижелері

Талдау нәтижесінде кадрлық қызметтің Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының және ұйымның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

«Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің штаттық кестесіне сәйкес 54 мемлекеттік қызметші лауазымы көзделген, нақты қызмет атқарып жүрген мемлекеттік қызметшілер саны – 47.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, басқа лауазымға ауыстыру және жұмыстан босату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті бұйрықтар негізінде жүзеге асырылады.

Лауазымдық нұсқаулықтар әзірленіп, бекітілген және қызметкерлер олармен қол қою арқылы таныстырылған.

Қызметкерлер Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптарымен, Әдеп кодексімен, ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және ішкі нормативтік құжаттарымен таныстырылған.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау шеңберінде 2 қызметкер Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалында «Мемлекеттік қызметтегі әдеп пен кәсібилік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және коплаенс» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті. Оқудан өткені туралы сертификаттардың көшірмелері қосымша анықтамада тіркеледі. Аппараттың

мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау шеңберіндегі жоспары толықтай орындалуда.

Талдау барысында жұмысқа қабылдау кезінде заңсыз артықшылықтар беру, лауазымдарға негізсіз тағайындау, белгіленген рәсімдерді сақтамай қызмет бойынша жоғарылату, сондай-ақ заңнама талаптарын бұза отырып лауазымдарды қоса атқару фактілері анықталған жоқ.

Реттелмеген мүдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтер анықталған жоқ.

Талдау жүргізілген кезеңде кадр мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы өтініштер мен шағымдар тіркелмеген.

4. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Талдау қорытындысы бойынша кадрлық қызмет саласында елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ.**

Сонымен қатар, ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ретінде мыналар айқындалды:

- бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға кандидаттарды іріктеу барысында субъективті көзқарастың орын алу мүмкіндігі;
- кадрлық рәсімдердің жекелеген кезеңдерінің жеткілікті деңгейде регламенттелмеуі;
- қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптармен таныстырудың формалды сипатта жүргізілуі;
- ішкі нормативтік құжаттардың уақытылы жаңартылмауы.

5. Ұсынымдар

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында:

Кадрларды іріктеу және жұмысқа қабылдау рәсімдерінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету.

Кадрлық процестерге тұрақты мониторинг жүргізу.

Лауазымдық нұсқаулықтар мен ішкі нормативтік құжаттарды тұрақты түрде өзектендіріп отыру.

Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары бойынша білім деңгейін арттыру мақсатында оқыту және түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізу.

Мүдделер қақтығысының алдын алу және кадрлық рәсімдердің сақталуына ішкі бақылауды күшейту.

6. Қорытынды

Жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» КММ-де кадрлық қызмет Қазақстан Республикасы заңнамасының және ұйымның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды.

Кадрлық қызмет саласында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін елеулі тәуекелдер анықталған жоқ.

V. Қаржы-шаруашылық бөлімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Қаржы-шаруашылық бөлімі (бұдан әрі-бөлім) "Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты"КММ құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Бөлім өз қызметін жүзеге асырады және өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу-рәсімдік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының Заңдарын реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес іске асырады оның тиісті саладағы қызметі. Өз жұмысында мемлекеттік қызметшінің әдеп кодексін, сондай-ақ оның қызмет саласын реттейтін басқа да қолданыстағы заңнамалық және нормативтік

құқықтық актілерді, мемлекеттік органның бұйрықтарын, өкімдері мен ережелерін, ішкі тәртіп ережелерін және осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.1.3. Бекіту бөлімінің құрылымы және штат саны: 1 бөлім басшысы, 1 бас инспектор және 2 бас маманнан құралаған.

Бөлімнің негізгі міндеттері

Бөлім жұмысының бағыттары бойынша қызметті ұйымдастыруды, ақпараттық және құқықтық қамтамасыз етуді қамтамасыз ету. Аппараттың шаруашылық қызметін жүргізу, шарттар жасасу, мемлекеттік сатып алу порталын жүргізу, есептерді жоғары тұрған мемлекеттік органдарға тапсыру.

Бөлімнің негізгі функциялары

Мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде аудан әкімі аппаратының қызметіне қаржылық-экономикалық қолдауды қамтамасыз ету.

Тарифтік анықтамалыққа және белгіленген нормативтерге сәйкес бекітілген сан шегінде аппарат қызметкерлерінің штат кестесін әзірлеу және өзектендіру.

Аппараттың құзыретіне жатқызылған бағыттар бойынша бюджеттің атқарылуын жоспарлау және ұйымдастыру: бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру, бюджеттік бағдарламаларды жасау және түзету, олардың іске асырылуын бақылау.

Кезекті қаржы жылына және жоспарлы кезеңге арналған бюджет жобасын, сондай-ақ Аппарат функциялары шегінде мемлекеттік сатып алу жоспарын дайындау.

Аудан әкімі аппаратына бекітілген бюджеттік бағдарламалар бойынша жиынтық бюджеттік қолтаңбаны, бюджеттік міндеттемелер лимиттерін, қаржыландыру және кассалық орындау жоспарларын жасау және жүргізу.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік сатып алуды өткізуді ұйымдастыру және бақылау (жоспар-кесте дайындау, конкурстық тендерлік құжаттама, шарт жасасу және оны басқару).

Бюджет қаражатының мақсатты, тиімді және уақтылы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру; қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.

Заңнама талаптарына сәйкес бюджеттік, статистикалық және өзге де қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну.

Мемлекеттік сатып алу шеңберінде жасалған шарттардың орындалуын есепке алуды жүргізу; міндеттемелердің орындалу мерзімдерін, көлемі мен сапасын бақылау.

Мүлікті түгендеуді ұйымдастыру және жүргізу; оның сақталуын және мақсатты пайдаланылуын бақылау.

Бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру, қаржылық бұзушылықтардың алдын алу және ішкі қаржылық бақылауды дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу.

Бақылау-ревизиялық және аудиторлық органдар тарапынан жүргізілетін тексерулерді дайындау мен сүйемелдеуді қамтамасыз ету; актілер мен ұсынымдарды қарауға қатысу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес КММ-де Қаржы-шаруашылық бөлімінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізудің мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сондай-ақ оларды жою және азайту жөніндегі шараларды әзірлеу болып табылады.

Талдау барысында бөлімнің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер, ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар, бюджетті жоспарлау және атқару, бухгалтерлік есеп жүргізу, мемлекеттік мүлікті басқару, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, шарттар жасасу және орындау процестері, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметтің өзге де бағыттары зерделенді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша нормативтік құқықтық актілерде және ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық нормалары анықталған жоқ. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға, мемлекеттік мүлікті басқаруға, шарттық міндеттемелерді орындауға, сондай-ақ жекелеген Қаржы-шаруашылық процестерге ішкі бақылаудың жеткіліксіздігіне байланысты әлеуетті сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді болдырмау мақсатында келесі шаралары ұсынылады.

Анықталған тәуекелдерді азайту мақсатында:

1) Бюджет қаражаты мен мемлекеттік мүліктің пайдаланылуына бақылауды күшейту;

2) Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;

3) Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде ашықтық пен заңдылық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге, мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болғызбауға;

4) Лауазымды адамдардың қабылданатын шешімдер үшін дербес жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

5) Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту, семинарлар өткізу.

Жұмыс тобының жетекшісі: **Р. Кенеев**

Жұмыс тобының хатшысы: С. Ахметова

Жұмыс тобының мүшелері: **Е. Нарматов**

Ә. Әлжан

М. Омарова

С. Алиев

А. Жонкин